

**Ұлытау облысы білім басқармасының
«Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Педагогикалық кеңесте
қаралды хаттама №1
29.08.2024 жыл

Бекітіледі
Абай ММИ директоры/
Капарова Д.О. 



КАДРЛЫҚ САЯСАТ

Жезказған, 2024

1. Жалпы ережелер

1. Кадрлық саясаты – білім беру ұйымының адами ресурстарын тиімді басқару жүйесі.

Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ-нің (бұдан әрі Абай ММИ) кадр саясаты білім беру сапасын арттыруға, кәсіби білікті кадрлармен қамтамасыз етуге және педагогтердің әлеуетін дамытуға бағытталып әзірленген маңызды құжат.

2. Кадр саясаты мынадай нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы.
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.
- «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы.
- Мектеп жарғысы.
- Мектептің ұжымдық шарты.

3. Кадр саясатын жүзеге асыру жауапкершілігі мектеп директорына жүктеледі. Бұл бағыттағы барлық жұмыстар оның жетекшілігімен жүзеге асырылады. Негізгі кадрлық міндеттерді шешу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырушылар директордың орынбасарлары болып табылады, олардың лауазымдық міндеттеріне персоналды басқарудың әртүрлі мәселелері кіреді.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты: Оқу-тәрбие процесін жоғары деңгейде қамтамасыз ететін, білікті әрі ынталы педагогикалық ұжымды қалыптастыру.

2.2. Міндеттері:

- Кәсіби білікті мамандарды тарту;
- Мотивацияны және еңбекке қанағаттануды арттыру;
- Қызметкерлердің кәсіби дамуына жағдай жасау;
- Кадрлық құрамның тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- Жас мамандарды бейімдеу және қолдау.

3. Кадрларды тарту

3.1. Мектеп сайты мен әлеуметтік желілерде бос жұмыс орындары туралы ақпарат жарияланады.

3.2. Педагог қызметкерлерді лауазымдарға тағайындау және оларды қызметтен босату қағидалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 35) тармақшасына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

2020 жылдан бастап мұғалімдер жаңа форматта конкурс және нақты, өлшенетін критерийлер арқылы қабылдануда, яғни бос орын пайда болған кезде бос немесе уақытша бос орынға конкурс жарияланады. Жаңа талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының жетекшілері мен педагог қызметкерлері лауазымдарына тағайындау, лауазымдарынан босату қағидаларын бекіту туралы» № 57 бұйрығында (өзгертумен) жазылған.

3.2. Жұмысқа орналасу кезінде кандидат-мұғалім конкурсқа қатысуға өтініш береді. Ол өзінің бағалау парағын қоса береді, онда ол барлық жетістіктерін, нәтижелерін, еңбек өтілін, әкімшілік немесе әдістемелік қызметтегі тәжірибесін, курстық жұмысты және т.б. көрсетеді.

Үміткер әрбір бағыт бойынша осы критерийлер бойынша бағалау шкаласында белгіленген критерийлер бойынша өз ұпайын дербес қояды. Конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде баллдардың растаушы құжатқа сәйкестігін тексереді, содан кейін қорытынды балды бекітеді. Бос орын ең көп ұпай жинаған үміткерге беріледі. Үміткердің біліктілік санаты болуы керек; ЖОО мен колледж түлектеріне жұмысқа тұру үшін қолында диплом болуы шарт емес. Олар Ұлттық біліктілік тестін тапсырып, содан кейін мектепте ең бірінші «Мұғалім» санатын алуы керек.

3.3. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды электрондық немесе қағаз жеткізгіште жібереді:

1) "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 21.02.2012 жылғы №57 бұйрықтың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордан төмен емес қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша шекті деңгейі кемінде 90% сертификаттау нәтижелері туралы сертификаты немесе педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының, немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса) немесе Celta сертификаты (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) pass a; Delta (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе TOEFL (TOEFL) (интернетке негізделген тест (IWT)) - 60-65 балл; болу керек.

11) педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

12) тәжірибе жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы кемінде 15 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480.

3.4. Бос орындарға конкурсқа біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін мұғалімдер қатыса алады.

3.5. Қосымша жұмыс істейтін мұғалімді жұмысқа алу

Мектеп басшылығы бір пән бойынша сегіз сағаттан аспайтын мерзімге қосымша жұмыс істейтін мұғалімдерді конкурстық жұмысқа алуға, сондай-ақ мектеп мұғалімдерінің арасында кемінде сегіз сағат болған жағдайда бос орындарды бөлуге құқылы. Бұл ретте бір пән бойынша бос тоғыз немесе одан да көп сағатты жасанды түрде бөлуге жол берілмейді.

3.6. Кәсіби құзыреттіліктерді анықтай отырып, мұғалімдердің біліктілігіне қойылатын талаптар:

1) "педагог":

- оқу пәнінің мазмұнын, оқу-тәрбие процесін, оқыту және бағалау әдістемесін білуі тиіс;

- білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыру;

- білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету;

- білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу;

- білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру;

- кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгеру, сандық білім беру ресурстарын қолдану;

2) "педагог-модератор":

- «педагог» біліктілігінің жалпы талаптарына, сондай-ақ:

- оқытудың инновациялық формаларын, әдістері мен құралдарын қолдану;

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымы, аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде олимпиадалардың,

конкурстардың, жарыстардың қатысушылары немесе жүлдегерлері немесе жеңімпаздары болуы немесе кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болуы;

3) "педагог-сарапшы":

- "педагог-модератор" біліктілігінің жалпы талаптарына сәйкес келу, бұдан басқа:

- ұйымдастырылған оқу қызметін, оқу-тәрбие процесін талдау дағдыларын меңгеру;

- білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын сындарлы түрде айқындау;

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейіндегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, облыс деңгейіндегі конкурстардың, жарыстардың қатысушылары немесе жеңімпаздары немесе жүлдегерлері болуы;

- облыстың, елдің телевидениеcінде трансляциялау үшін енгізілген бейне -, телесабақтар дайындау (Бар болса);

4) "педагог-зерттеуші":

- "педагог-сарапшы" біліктілігінің жалпы талаптарына, сондай-ақ:

- сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгеру;

- білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету;

- облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибені жабдықтау (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың қатысушылары немесе жеңімпаздары немесе жүлдегерлері болуы;

- "Қазақстан мұғалімі" ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы, "Үздік педагог" атағының иегері (болған жағдайда) болу;

- аудан (облыстық маңызы бар қала), облыс (бар болса) деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта тәлімгерлікті жүзеге асыру және даму стратегиясын сындарлы айқындау;

- тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары ұйымдастырған педагогтар үшін семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Білім мазмұнын сараптау Республикалық ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "сарапшылардың электрондық базасына" (бұдан әрі-білім мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы) немесе техникалық және кәсіптік білім департаменті (болған жағдайда) жанындағы РОӘК ұсынған (бұдан әрі - ТжКБД) оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу – әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіру;

- елдің, облыстың теледидарында трансляциялау үшін енгізілген, білім беру порталдарында орналастырылған бейне-теле сабақтар дайындау (Бар болса);

- интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін тарату;

5) "педагог-шебер":

- "педагог-зерттеуші" біліктілігінің жалпы талаптарына, сондай-ақ:

- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы РОӘК-те мақұлданған авторлық бағдарламасы болуы тиіс. Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе ЖЖОКБҰ жанындағы РОӘК ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізбесіне енгізілген шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) немесе тест тапсырмаларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді сараптау жөніндегі сарапшылар құрамына кіруі немесе WorldSkills чемпионаттарының сарапшысы немесе педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша жаттықтырушы болуы;

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық немесе халықаралық кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе жеңімпазы болу немесе республикалық немесе халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындау;

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық немесе халықаралық кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе жеңімпазы болу немесе республикалық немесе халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындау;

- "Қазақстан мұғалімі" ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы, "Үздік педагог" атағының иегері (болған жағдайда) болу;

- интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін тарату;

- тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс, республика деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау (бар болса);

- республикалық білім беру мазмұнын сараптау Ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі немесе ТКББД жанындағы РОӘК ұсынған сарапшылар құрамына кіру;

- республика деңгейінде тәжірибені жинақтау, тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары ұйымдастырған педагогтар үшін семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

- елдің, облыстың теледидарында трансляциялауға енгізілген, білім беру порталдарында орналастырылған бейне-сабақтар, телесабақтар дайындау (бар болса).

4. Кадрларды қолдау және сақтау

4.1. Жас мамандарды қолдау мақсатында «Жас мамандар» мектебі, тәлімгерлік жүйесі, бейімдеу тренингтері және т.б. іс-шаралар ұйымдастыру.

- 4.2. Қызметкерлер үшін қолайлы еңбек жағдайларын жасау (ұжымдық шарт).
- 4.3. Жүйелі түрде ішкі аттестациялар мен мониторинг жүргізу;
- 4.4. Әлеуметтік қолдау шаралары (ынталандыру төлемдері, марапаттау, көтермелеу);
- 4.5. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету ортасын қалыптастыру.

5. Кадрларды дамыту

- 5.1. Педагогтердің үздіксіз кәсіби даму мүмкіндіктерін қол жеткізу мақсатында біліктілік арттыру курстар, семинарлар, тренингтер, шеберлік сағаттарын, педагогикалық жәрмеңкелер, көрмелер ұйымдастыру, өткізу, қатысуға қолдау көрсету.
- 5.2. Мұғалімдердің өздігінен білімін көтеру жоспарын әзірлеу;
- 5.3. Ішкі тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру (шеберлік сыныптары, әдістемелік бірлестіктер);
- 5.4. Заманауи білім беру технологияларын меңгеруге жағдай жасау.

6. Кадрлық саясаттың құжаттық негізі

Кадрлық саясат келесі құжаттарда көрініс табады:

- Мектеп жарғысы;
- Ішкі еңбек тәртібі ережесі;
- Коллективтік шарт;
- Қызметкердің еңбек шарты;
- Еңбекақы төлеу ережелері;
- Аттестациялау тәртібі;
- Лауазымдық міндеттер тізбесі;
- Әдеп Кодексі.

7. Қорытынды

- 7.1. Ұйым басшылығы өзектендіру және жетілдіру мақсатында кадрлық саясаттың талаптарын қайта қарайды және жетілдіреді, олардың практикада қандай шамада іске асырылып жатқанын талдайды, сондай-ақ қажет болған кезде мүдделі тұлғалардың ұсыныстары мен ұсынымдарын ескере отырып, оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.
- 7.2. Кадрлық саясатты іске асыруды іс жүзінде қолдану мақсатында қабылдануы қажет ұсынымдар белгіленген тәртіппен қарауға шығарылуы және бекітілуі мүмкін.
- 7.3. Жұмысқа қабылдаған кезде мектеп басшысы педагогқа оның кәсіби құзыреті шегіндегі әрекеттері туралы хабарлауға, әдеп кодексінің мазмұнымен таныстыруға міндетті.